



Қыр елінің Крыловы

«Арқалық қаласындағы № 2 ОӘФК» КММ-де жазушы, сатирик, этнограф Сейіт Кенжеахметұлының 85 жылдық мерейтойына арналған «Сейіт – ғалым, шебер, шешен, ұстаз» ғылыми-тәжірибелік конференциясының жалғасы «Қыр елінің Крыловы» атты әдеби кешке ұласты.

Арқа даласының қазақы ауылында кіндігі кесіліп, туған халқының әдет-ғұрыпын қалаудай қалап, дәстүрін дәріптеген, ана тілін аманаттай ардақтап, ата-салтымыздың асыл мұра, алтын қазынасын келешек жас ұрпаққа жеткізе білген қаламгер. Әдеби кешке Сейіт Кенжеахметұлының қызы Светлана Сейітқызы, ҚР Мәдениет саласының үздігі, айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының мүшесі, Сейіт Кенжеахметұлының шәкірті Өтелба-

ева Салтанат Амантайқызы, «Өткірлік өресі» ҚР жыршылар байқауының бас жүлдегері Қазымбеков Қуанышбек Қабенұлы қатысты.

Әдеби кештің мақсаты – оқырмандарға С. Кенжеахметұлының шығармалары қазақы тәрбиенің алтын көзі екендігін түсіндіру, қазақ мәдениеті мен этнографиясын кейінгі жас ұрпаққа танытып насихаттау.

Балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашылары кеш қонақтарын ұлттық тағамдар қойылған дастарханнан дәм татқызып, «Қыр елінің Крыловы» атты кітап көрмесімен таныстырып, Сейіт қазынасының 85 тыйым сөз, қазақтың ырым-тыйымдары жайында ой бөлісті. Қаламгердің «Жеті қазына» жинағы бойынша «Додекаэдр», «Қазақы салт-дәстүрімізді дәріптейік!», «Күміс сандық» танымдық ойындарға ұласып, оқырмандар қызықты викториналық сұрақтарға жауап берді. Жазушының «Мірдің оғы» өлеңдер жинағынан үзінділер оқылды.

Кітапханашылар дайындаған «Әке тәрбиесі» атты интермедиясынан қойылым көрсетілді.

С. Кенжеахметұлының шәкірті Салтанат Өтелбаева ұстазына арнаған арнау өлеңін оқып, естеліктерімен бөлісті.

Оқырмандар жазушы өмірінің әр кезеңінен алынған «Қыр елінің Крыловы» тақырыбындағы отбасылық фотосуреттерді тамашалады. Қазақ әдебиеті мен ұлт мәдениетінің барлық саласына елеулі үлес қосқан Сейіт Кенжеахметұлының мерейтойына арналып өткізілген іс-шараға, кітапхана қызметкерлеріне Светлана Сейітқызы ризашылығын білдіріп алғысын жеткізді.

Әдеби кеш соңында С. Кенжеахметұлының 85 жылдық мерейтойына орай шығарылған «Қыр елінің Крыловы» атты әдістемелік құралға библиографиялық шолу жасалынып, кеш қонақтарына таратылды.

Гүлнар СЕЙТҚОЖИНА
№ 2 ОӘФК
Балалар әдебиеті бөлімі